



Автор: Баймуканова Гулмирам Жаксыбаевна

Предмет: Самопознание

Класс: 3 класс


Раздел: Как прекрасен этот мир!

Тема: Туған жер ғажаптары

Цели обучения (ссылка на учебную программу):	Табиғаттың адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру.
Цели урока:	Оқушыларға туған жер, оның ғажаптары туралы түсінік беру арқылы «қиянат жасамау» құндылығының мәнін ашу.
Ожидаемый результат:	Қиянат жасамау
Привитие ценностей:	Қиянат жасамау
Навыки использования ИКТ:	Қолданады
Межпредметная связь:	Дуниетану

Ход урока

Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
Начало урока	Сабақтың барысы: 5 кестесі Тәртіп Тазалық Талап Тыныштық Татулық Ұйымдастыру кезеңі. Тыныштық сәті. «Нұр сәулесі» (3минут) Үй тапсырмасын тексеру.(5минут) Қ. Толыбаев. Күн мен гүлдер. Әнгімесін мазмұндап келу. (73-74бет). 1.Бұл қандай жыл мезгілі? 2.Күн гүлдерді,шөптерді қалай оятты? 3.Сендерді таң ұйқыдан кім оятады, қалай оятады? 4.Далада өсетін гүлдерді, шөптерді жұлуға болама?	

Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
Середина урока	 <p>Дәйексөз (4 минут). «Туған жер алтынбесік, асыл анам» Ғ.Қайырбеков ҒафуҚайырбеков — қазақтың әйгілі ақыны, аудармашы. 1928 жылы 15 тамызда Торғай топырағында дүниеге келген. Абайатындағы Қазақ педагогика институтын бітірген (1952). Қазақ мемлекеттік баспасында поэзия редакциясын басқарды, «Қазақ әдебиеті» газеті бас редакторының орынбасары, «Жазушы» баспасында поэзия редакциясының меңгерушісі болды.</p> <p>Дәйексөздің мағынасын қалай түсінесіңдер? Балалар, Туған жер-әрбір адамның жарық дүниеге шыры етіп келген киелі мекені, ең алғаш жұтқан ауасы, табанының бастапқы ізі түскен жері, аялап өсірген алтын бесігі. Сондықтан, әрбір адам өзі туып-өскен мекенін құрметтеп, оған қамқорлықшы бола білуі керек. Өз туған жерінің әр тасын, әр құсын қызғыштай қорып, оған деген асқақ сезімін өз қамқорлығы арқылы көрсетіп отырған адамды ғана туған жерін құрметтейтін адам деуге болады. Әңгімелеу. Мұғалім сыйы. Бейнебаян көрсету. «Балқашинның табиғаты» филімі (10 мин.)</p> <p>Бейнебаян бойынша сұрақтар: 1 Балқашинның табиғаты сендерге несімен ұнады? 2 Бұл жерді неліктен «ғажап жер» деп атаймыз? 3 Табиғат ғажаптары дегенді қалай түсінесіңдер? 4 Табиғат аясында ненің үнін, қандай дыбыстарды естуге болады? 5. Табиғаттан қандай әсер аласыңдар? 6. Қазақстанның осындай жерлерін сақтауға қандай үлес қосар едіңдер?</p> <p>Шығармашылық жұмыс. (Топтық жұмыс 7-10 мин.) «Туған жердің табиғат ғажаптары» 1 топ. Сурет салу. 2 топ. Шағын әңгіме жазу. 3 топ Өсімдіктер мен жануарларға тіл бітсе, олар саған не айтар еді? сахналау</p>	https://www.youtube.com/watch?v=O2GN9AwIL7c
Конец урока	<p>Топпен ән салу. Жазира мен Жанболат «Туған жер.» Шіркін пай пай пай туып өскен жерім-ай Аялаған саялаған жерім шалқып жатқан жерім менің Пай пай пай тамылжыған таң қандай Сен де салған ән қандай керім ахау жерім-ай 1. Айналым ұлан байтақ кең даламнан Аманат болып қалған ер бабамнан Жыр әнім қандай ұраным қандай Қыраным қандай самғаған Ажарлы таңдай арманы балдай Ұл қызы қандай таң қалам қайырмасы: Шіркін пай пай пай туып өскен жерім-ай Аялаған саялаған жерім шалқып жатқан жерім менің Пай пай пай тамылжыған таң қандай Сен де салған ән қандай керім ахау жерім-ай</p> <p>Үй тапсырмасы. Қ. Толыбаев. «Армысын, Алатау». Мәтінің оқу.</p> <p>Соңғы тыныштық сәті. (2 мин) Мұғалімнің сөзі: - Балалар, еркін әрі терең тыныс алып, бүгінгі сабағымызды ой елегімізден өткізіп, сабақтан алған жақсы қасиеттердің барлығын бойымызда сақтайық. Рахмет!</p>	